

○ А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Тажибаева Айжан Халилұллаевна

САЛЫҚТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Салықтық міндеттеме қазіргі қоғам қажеттілігіне сай келетін салық салу жүйесін құру ісіне ат салысуы арқылы салықтық қатынастарға қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін қатаң айқындауға қол жеткізетін және ұлттық табысты қайта бөлуге қатысты экономикалық мән-жайлары мен өктем билік тұрғысынан ерекшелінетін құқықтық құрал ретінде танылады.

Салықтық міндеттеме салық төлеушінің мемлекет алдындағы біржақты міндеттемесі, яғни түпкілікті нәтижесі өзіне тиесілі салықтық төлемнің сомасын мемлекет кірісіне аудару, енгізу жөніндегі міндеттемесі.

Салықтық міндеттемелердің түсінігі және элементтері

Салықтық міндеттеменің мәнжайын заң шығарушы былайша айқындаған:

тиісті салық заңдарына сәйкес салық төлеушінің, мемлекет алдында туындаған міндеттемесі салықтық міндеттеме болып танылады

мемлекет өзінің салық органдары арқылы салық төлеушіден оған тиесілі салықтық міндеттемелерді толық көлемде орындауын талап етуге құқылы

салықтық міндеттеме талаптарына сай салық төлеуші: салық органында тіркеу есебіне тұруға; салық салу объектісі мен салық салуға байланысты объектіні айқындауға; салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеп шығаруға, салық есептілігін жасауға, оны белгіленген мерзімде табыс етуге және салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге міндетті

салықтық міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда мемлекет салық кодексінің тиісті баптарында көзделген тәртіп негізінде салықтық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін және мәжбүрлеп орындату шараларын қолдануға құқылы

Экономикалық және құқықтық табиғатына сай салықтық міндеттеме:


- тек мемлекеттің еркіне және әмірлі талабына сай туындайды*
- әрдайым мерзімді сипатта болады*
- өзінің сипаты бойынша мемлекеттік -құқықтық тұрғыдан ерекшеленеді*
- салықтық төлемдердің сомасына байланысты көбінесе ақшалай көрініс табады*
- өзінің мән-жайына қарай біржақты міндеттеме болып табылады*

Салық төлеушінің
белгіленген мерзімде
орындалмаған салық
міндеттемесін орындау

- төленбеген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасына өсімпұл есептеу
- банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру
- салық төлеушінің салық берешегі есебіне мүлікке билік етуін шектеу
- қаржы қорымен қамтамасыз етілу

Салық салу **объектілері** мен салық салуға байланысты объектілер ретінде мүліктер және іс-әрекеттер белгіленген. Осы мүліктер мен іс-әрекеттердің болуы салық төлеушіге қатысты салықтық міндеттеменің туындауына негіз болады.

Салықтық міндеттеменің объектісіне міндетті тұлға салық төлеушінің салықтық төлемінің сомасын мемлекетке тапсыру кезіндегі іс-қимылдары жатады. Ал салықтық міндеттеменің нысаны мемлекет (мемлекеттің салық органдары) пен салық төлеушілер — заңды және жеке тұлғалардың арасындағы байланыстың сыртқы көрінісі болып табылады.



**Салық
берешегін
мәжбүрлеп
өндіріп
алу
шаралары**

- банк шоттарындағы ақшасының есебінен
- қолма-қол ақшасының есебінен
- дебиторларының шоттарынан
- жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығару есебінен
- билік ету шектелген мүлкін өткізу есебінен

Салық базасы – салық салу объектісі мен салық салуға байланысты объективтік құқығының, физикалық жай-күйінің немесе өзге де мән-жайлардың сипаттаиаларын білдіреді

Салық ставкасы – салық базасының өлшем бірлігіне деген салық есептеулерінің шамасын білдіреді. Салық ставкасы салық базасының өлшем бірлігіне процентпен немесе абсолютті сомамен белгіленеді.

Салық төлеушінің бюджетке артығымен теленген сомасының салық органдарына берген өтінішіне орай он жұмыс күні ішінде жекелеген салық түрлері бойынша берешектері тәртіптері:

салықтардың басқа түрлері бойынша өсімпұлдар мен айып пұлдарды өтеу есебі

салықтың нақты түрі бойынша өсімпұлдар мен айыппұлдарды өтеу есебі

салықтардың басқа түрлері бойынша бересі сомаларды өтеу есебі

салықтардың осы және басқа да түрлері бойынша болашақ төлемдер есебі



- субъектілік құрамы

- мемлекет

- салық төлеуші

Салықтық міндеттемені орындау

Салықтық міндеттемені орындау осы міндеттеменің әрбір субъектісінің міндеттерін күрайтын белгілі бір іс-қимылдарды тиісінше (ойдағышай) жүзеге асыру болып саналады.

Салықтық міндеттемені орындау мақсатында салықтелеуші мынадай іс-әрекеттерді міндетгі түрде жүзеге асырады:

- салық органында тіркеу есебіне тұрады;
- салық салу объектілері мен салық, салуға байланысты объектілердің есебін жүргізеді;
- салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді, салық базалары мен салық ставкаларын негізге ала отырып, бюджетке төленуге тиісті салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің сомаларын есептеп шығарады;
- салық есебін жасайды және оны белгіленген тәртіп пен мерзімдерде салық органдарына табыс етеді;
- салықтық заңдарда белгіленген тәртіп негізінде және қатаң айқындалған мерзімдерде салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есептеп шығарылған және есептелінген сомаларын, сондай-ақ салықтық міндеттемені орындамаған жағдайда айыппұл мен өсімпұлдарды төлейді.

- **Салықтық міндеттеменің құрамы**
 - салықтық міндеттеменің субъектісінен
 - салықтық міндеттеменің объектісінен
 - салықтық міндеттеменің мәнжайынан

Салық міндеттемесін тоқтатудың негіздері

Жеке тұлғаның салық міндеттемесі:

қайтыс болғанда

оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі күшіне енгенде

Заңды тұлғаның салық міндеттемесін тоқтату

- қосылу, бірігу, бөліну және қайта құрылу жолымен толық қайта ұйымдастырылғаннан кейін*
- толық таратылғаннан кейін*



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА
РАХМЕТ!!!**